

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағында ірі қара малдарға бруцеллез бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 23 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 3833 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптарына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қызылжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 28 маусымдағы № 11-11/177 "Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағында ірі қара малдарға бруцеллез бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" ұсынысы негізінде, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағындағы ірі қара малдарының бруцеллез ошағы жойылғанына сәйкес шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Семиполатное ауылы аумағында ірі қара малдарға бруцеллез бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Рассвет ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2, (2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3206 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 17 (580) "Қызылжар" газетінде, 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 16 (5519) "Маяк" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Рассвет ауылдық округінің әкімі*

*Х. Жанабеков*